

АО «СК «Сентрас Иншуранс»	ПС - 42 Правила добровольного страхования на случай болезни	Издание № 2 от 21 декабря 2020 г.	Стр. 1 из 24
		Взамен издания №1 от 21 мая 2013 г.	

Утверждены
решением Совета директоров АО «Сентрас Иншуранс»
от 21 декабря 2020 г., Протокол № 69



Согласованы
решением Правления АО «Сентрас Иншуранс»
от 20 декабря 2020 г., Протокол № 60

ПС - 42

ПРАВИЛА

добровольного страхования на случай болезни

Контроль	Комплаенс-контролер	А.С. Бимагамбетова	20.12.20. (дата)	 (подпись)
----------	---------------------	--------------------	---------------------	---------------

Должность	ФИО	Виза	Дата	Подпись
Директор ДСВ	А.А. Былин	Согласовано	15.12.20	
Главный Специалист 1 Категории ЮД	Г.К. Нартаева	Согласовано	15.12.20	
Директор ДА	Т.В.Самойлова	Согласовано	15.12.20	

Разработал	Начальник УС ДМС	М.П. Войнова	 (дата)	 (подпись)
------------	------------------	--------------	------------	---------------

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 2
	Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

1. Жалпы ережелер

1. Осы ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» АҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі - сақтандыру шарты) жасасу, сүйемелдеу және орындау тәртібін, сақтандыру талаптарын реттейді.
2. Осы Ережеде пайдаланылатын ұғымдар:
 - 1) **Әкімшілік шығыстар** - Сақтандырушының сақтандыру шартын жүргізу және сүйемелдеу бойынша шығыстары;
 - 2) **Амбулаториялық-емханалық көмек** - жалпы бейіндегі және (немесе) тар шеңберде мамандырылған дәрігерлердің Сақтандырылушыға амбулатория, емхана жағдайында көрсеткен медициналық көмегі;
 - 3) **Шұғыл көрсетілімдер бойынша амбулаториялық-емханалық қызметтер** отбасылық дәрігердің қабылдауын, диагнозды қоюға қажетті және шұғыл жағдайды дереу тоқтатуға бағытталған шұғыл кеңес беру-диагностикалық іс-шараларды (таңдалған Сақтандыру бағдарламасы шеңберінде) және емдеу-диагностикалық процедураларды қамтиды.
 - 4) **Сақтандырушы тізіміндегі дәрігерлер және (немесе) медициналық мекемелер** - емдеу-профилактикалық мекемелер (емханалар, ауруханалар, дәріханалар, стоматологиялар, емдеу-диагностикалық орталықтар, ЖМЖС, республикалық мамандандырылған медициналық орталықтар, ҒЗИ клиникалары, жеке медициналық ұйымдар) және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік куәлігі негізінде амбулаториялық-емханалық немесе стационарлық емдеуді жүзеге асыратын және олармен Сақтандырушы немесе Сақтандырушының өкілі - медициналық сервистік компания (бұдан әрі - Ассистанс) Сақтандырылушыларға медициналық қызмет көрсетуге тиісті шарт жасасқан дәрігерлер;
 - 5) **Пайда алушы** - сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Медициналық мекеме, Сақтандырылушы, Сақтанушы сақтандыру шартына сәйкес Пайда алушы бола алады;
 - 6) **Сақтандырылушы** - оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға.
 - 7) **Ауру** - Сақтандырылушы ағзасының функционалдық немесе (және) морфологиялық өзгерістерден туындаған қалыпты тіршілік әрекетінің бұзылуы;
 - 8) **Аспаптық зерттеулер** - арнайы медициналық жабдықтың немесе аппараттардың көмегімен диагностикалық зерттеулер (мысалы, рентгенография, УДЗ, ЭКГ, фиброгастроскопия, томография және т.б. үшін);
 - 9) **Медициналық қызмет көрсету карточкасы** (бұдан әрі - Карточка) - Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру шартына сәйкес Сақтандырушының медициналық желісіне кіретін медициналық мекемелерде және дәрігерлерден медициналық қызметтер алу құқығын растайтын дербестендірілген құжат.
 - 10) **Есептен шығару санаты** - сақтандыру сомасының шегін ықтимал көрсетумен, Сақтандыру бағдарламасында көрсетілген өтеу бойынша жеке позицияға біріктірілген медициналық қызметтердің тізбесі. Есептен шығару санатына амбулаториялық-емханалық көмек, емдік массаж, стоматология және т.б. бола алады;
 - 11) **Зертханалық зерттеулер** - емдеу-профилактикалық мекемелердің зертханаларында жүргізілген диагностикалық зерттеулер мен талдаулар және Ауру туындаған жағдайда диагнозды нақтылау мен қою қызметін көрсететін қызметшілер;
 - 12) **Емдік көрсетілімдер** - адам ағзасының асқынуына және жай-күйінің нашарлауына әкелуі мүмкін, бірақ жүгіну сәтінде шұғыл медициналық көмек көрсетуді қажет етпейтін, туындаған патологиялық жай-күйлерді емдеу қажет болатын медициналық көрсетілімдер;
 - 13) **Медициналық ассистанс** - Сақтандырушымен шарт жасасқан және Сақтандырылушыға сақтандыру шартында көзделген медициналық қызметтер көрсетуді ұйымдастыру қызметтерін жүзеге асыратын заңды тұлға;
 - 14) **Сақтандыру бағдарламасы** (бұдан әрі - Бағдарлама) – сақтандыру шартының

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 3
	Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

талаптарына сәйкес шығыстарын Сақтандырушы өтеуі тиіс медициналық қызметтерді ұсыну талаптары мен тізбесі;

- 15) **Профилактикалық көрсетілімдер** - ықтимал аурулардың алдын алу мақсатында қажетті шаралар кешенін жүргізу көрсетілімдері (мысалы, вакцинация, профилактикалық қарап тексерулер);
- 16) **Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі** - сақтандыру шартымен анықталатын уақыт кезеңі, осы кезең ішінде Сақтандырылушыға сақтандыру (сақтандыру арқылы қорғау) әрекеті қолданылады;
- 17) **Стационарлық көмек** - Сақтандырылушы стационарда бір тәулік немесе одан көп болған жағдайда ғана көрсетілетін медициналық көмек;
- 18) **Сақтандыру жағдайы** - сақтандыру шарты басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;
- 19) **Сақтандыру төлемі** - сақтандыру жағдайы немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары басталған кезде Сақтандырушының сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;
- 20) **Сақтандыру сомасы** (жауапкершіліктің шекті лимиті) - сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы. Сақтандыру сомасы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады;
- 21) **Сақтандыру сыйлықақысы** - Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы;
- 22) **Сақтанушы** - Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан және сақтандыру сыйлықақысын төлеген тұлға. Өз пайдасына немесе үшінші тұлғалардың (Сақтандырылушылардың) пайдасына сақтандыру шартын жасасқан әрекетке қабілетті жеке тұлғалар (азаматтығына қарамастан); заңды тұлғалар (меншік нысанына және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан) - үшінші тұлғалардың пайдасына сақтандыру шарттарын жасасқан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және әрекет ететін кез келген ұйымдық-құқықтық нысандағы және меншік нысанындағы ұйымдар мен басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілер Сақтанушылар бола алады. Егер Сақтанушы сақтандыру шартын өз пайдасына жасасқан жағдайда, оған Сақтандырылушының осы Ережеде қарастырылған құқықтары мен міндеттері қолданылады.
- 23) **Сақтандырушы** - ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар және сақтандыру жағдайы басталған кезде өз пайдасына сақтандыру шарты жасалған тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Сентрас Иншуранс» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы;
- 24) **Сақтандыру аумағы** - Сақтандырушыны сақтандыру шарты бойынша сақтандыру арқылы қорғау қолданылатын аумақ;
- 25) **Шұғыл медициналық көрсетілімдер** - медициналық көмек дереу, атап айтқанда, жағдай туындағаннан кейінгі алғашқы тәулікте көрсетілуі тиіс болатын және медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе кешіктіру ағзаның қайтымсыз, тіпті өліммен аяқталуға дейін ауыр жай-күйінің дамуына әкелетін көрсетілімдер;
- 26) **Амбулаториялық-емханалық көмек көрсету үшін келесілер шұғыл көрсетілімдер:**
 - 1) қатты ауырсыну (іштің ауыруы, жүрек тұсының ауыруы);
 - 2) қан кетулер;
 - 3) жарақаттану (мертігу, жаралап алу және т.б.);
 - 4) 38,5°C жоғары асқын қызыну;
 - 5) іріңдік, күбіртке, хирургиялық араласуды талап ететін өзге іріңдік үдерістер;
 - 6) 1-2 дәрежелі күйіктер және үсік шалу;
 - 7) жедел аллергиялық жағдайлар: есекжем, аллергиялық дерматит;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 4
	Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

8) гипертониялық криздер (асқынбаған).

Сақтандыру шартында шұғыл көрсетілімдердің басқа тізбесі ескертілуі мүмкін

27) Стационарлық емдеуге шұғыл көрсетілімдер:

- 1) ессіздік;
- 2) айқын қан жоғалтумен қатар жүретін сыртқы қан кетулер, сондай-ақ ағзаларға қан кетулер мен қан құйылулар;
- 3) 3-4 дәрежелі күйіктер және үсік шалулар;
- 4) стационарда тәулік бойы болуды қажет ететін жедел жарақаттанулар;
- 5) улану;
- 6) аллергиялық реакциялар (Квинке ісінуі, Лайел синдромы, Стивенс-Джонс синдромы);
- 7) құрысулар;
- 8) жіті хирургиялық жағдайлар;
- 9) бүйректің жедел жетіспеушілігі;
- 10) бауырдың жедел жетіспеушілігі
- 11) жедел церебральді жетіспеушілік;
- 12) жедел тыныс алу жетіспеушілігі;
- 13) жүрек-қан тамырының жедел жетіспеушілігі;
- 14) асқынған миокард инфарктісі;
- 15) гипертониялық криз (асқынған);
- 16) құбылмалы стенокардия;
- 17) кез келген этиологиядағы шок.

28) Медициналық желіге қатысушылар - Сақтандырушымен немесе Ассистанспен Сақтандырылушыларға медициналық қызметтер және (немесе) дәрі-дәрмектер ұсыну талаптары мен тәртібін белгілейтін арнайы келісім жасайтын медициналық мекемелер, дәрігерлер, дәріханалар;

29) Отбасы мүшелері - Сақтандырылушының тікелей туыстары: егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, жұбайы (зайыбы), 65 жасқа дейінгі ата-аналары және 1 жастан 23 жасқа дейінгі балалары.

3. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде төленген жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартында белгіленген барлық талаптарды орындаған кезде, Сақтандырушы ауыру немесе денсаулықтың өзге де бұзылу жағдайын сақтандыру арқылы қорғауды ұсынады.

2. Сақтандыру объектісі

5. Сақтандыру объектісі Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру арқылы қорғауды қолдану кезеңінде ауыруына және денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты Сақтандырылушының шығыстарын ішінара немесе толық өтеумен байланысты, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, мүліктік мүдделері болып табылады.

3. Сақтандыру жағдайы

6. Сақтандыру жағдайы сақтандыру шарты мен Сақтандыру бағдарламасының талаптарына сәйкес Сақтандырылушының консультациялық, емдік, өзге де медициналық көмек алу үшін және (немесе) жіті ауруына, созылмалы ауруының асқынуына немесе жарақаттануына байланысты медициналық препараттар (бұдан әрі - медициналық қызметтер) сатып алу үшін

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 5
	Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

Сақтандырушының медициналық желісінің медициналық мекемелеріне және (немесе) дәрігерлеріне жүгінуі нәтижесінде (сақтандыру арқылы қорғауды қолдану кезеңінде) шығыстардың туындауы және Сақтандырушының оны өтеуі болып табылады.

4. Сақтандырылушылар

7. Егер сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, 1 жастан 65 жасқа дейінгі тұлғалар Сақтандырылушылар бола алады.

8. Егер сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, бір Сақтандырылушыға отбасының 3-тен аспайтын мүшесі тіркеле алады.

9. Егер сақтандыру шартында өзгеше ескертілмесе, сақтандыруға жатпайтын тұлғалар:

1) кез келген ауру бойынша I - II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедек болып табылатындар;

2) кез келген ауру бойынша сақтандыру шартын жасасу кезінде емдеуге жатқызылғандар;

3) шарт жасасу күніне сақтандыру шарттары бар:

- ҚР ДСМ 14.10.2009 ж. № 526 бұйрығымен бекітілген, мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторында емдеуге тыйым салынатын аурулар Тізбесіне кіретін аурулардың келесі түрлері: қатерлі ісіктер, психикалық аурулар (сондай-ақ психикалық жаратылыс ауруларымен байланысты туындаған жарақаттанулар мен соматикалық аурулар), эпилепсия, наркологиялық аурулар (нашақорлық, уытқұмарлық, маскүнемдік), I типті қант диабеті, дерматомиозит, склеродермия, ЖҚЖ (жүйелі қызыл жегі), Бехтерев ауруы, жүйке жүйесі мен бұлшық еттердің тұқым қуалайтын-дегенеративті аурулары (Паркинсон ауруы, Гентингтон хорейасы, миастения, миопатия, Пьер-Маридің тұқым қуалайтын мишықты атаксиясы, Фридрейх ауруы, үдемелі бұлшықет дистрофиясы, невральді амиотрофиялар; гепато-церебральді дистрофия (Вильсон-Коновалов ауруы), фе-нилкетонурия, бронх демікпесі, жүйке жүйесінің демиелинизациялайтын аурулары (Альцгеймер ауруы, шашыраңқы склероз, сирингомиелия, БАС-амиотрофиялық бүйірлік склероз); балалардың церебральды сал ауруы; муко-висцидоз; туа біткен ихтиоз;

- ҚР ДСМ 14.10.2009 ж. № 526 бұйрығымен бекітілген, мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторында емдеуге тыйым салынатын аурулар Тізбесіне кіретін жұқпа аурулар, атап айтқанда: АИТВ-инфекциясы (ЖИТС), туберкулез, бруцеллез, безгек, лепра, оба, тырысқақ, сары қызба, геморрагиялық вирустық қызба, іш сүзегі және паратифтер, аусыл, құтыру, лептоспироз, листериоз, туляремия, эхинококкоз, иерсиниоз, сальмонеллез, риккетсиоз, кене энцефалиті, дизентерия, сібір жарасы, дифтерия, көкжөтел, қызылша, қызамық, індетті паротит, вирустық гепатиттер; жұқпалы менингит;

- кәсіби аурулар;

- радиациялық, УЖЖ және ЖЖЖ зақымданулар;

- жүрек-қантамыр жүйесінің аурулары: Абрамов-Фидлер миокардиті, кардиомиопатия;

- қан аурулары: гемобластоздар, апластикалық және гипопластикалық анемиялар;

- эндокриндік жүйе аурулары: Иценко-Кушинг синдромы және ауруы, феохромоцитома, туа біткен гипотиреоз, гипопитарлы нанизм;

- құздамалық аурулар: ДТДА (дәнекер тіннің диффузды аурулары); Шегрен синдромы, Шарп синдромы, Рейтер ауруы, жүректің зақымдануымен ревматизм (НК ПБ-III қан айналымы жетіспеушілігіне әкелетін ақаулар); II, III дәрежелі буын функцияларының бұзылуымен құздамалық артрит; жүйелі васкулиттер: Вегенер грануломатозы, түйінді периартерит;

бүйрек аурулары: амилоидоз, созылмалы гломерулонефрит; II-III дәрежелі созылмалы бүйрек жетіспеушілігі;

- тыныс алу жүйесінің аурулары: Гудпасчер синдромы;

- тұқым қуалайтын аурулар, туа біткен даму кемістіктері;

- Орталық Жүйке Жүйесінің аурулары: ми қан айналымының жедел бұзылуының салдары, гидроцефалия.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42 Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 6
		2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

10. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырылушыда осы тараудың 9-тармағында көрсетілген бұрын диагноз қойылған аурулардың болуы туралы ақпаратты жасыру фактісі анықталған кезде, сақтандыру шартын жасасу кезінде осындай тұлғаларға қатысты жасалған сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылуға жатады, ал олар бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.

11. Егер осы тараудың 9-тармағында көрсетілген аурулар бойынша сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырылушыға алғаш рет диагноз қойылса, Сақтандырушы Сақтандырылушының осы ауру бойынша шығыстарын амбулаториялық-емханалық жағдайларда диагноз қойылған сәтке дейін ғана өтейді, атап айтқанда қажетті мамандардың қарауы, қан мен несептің жалпы талдауы, қан құрамындағы қантты анықтау, микрореакция, қажет болған жағдайда электрокардиограмма, сақтандыру кезеңінде бір рет УДЗ, УДДГ, рентгенологиялық зерттеу (басқа зертханалық-аспаптық зерттеулерді қоспағанда), немесе осы уақытта ауру диагнозы алғаш анықталған шұғыл және (немесе) емдік көрсетілімдер бойынша стационарлық емдеу курсы аяқталғанға дейін өтейді, мұнла осындай Сақтандырылушыларға қатысты сақтандыру шарты қолданылуын жалғастырады. Бұл ретте осы тараудың 9-тармағында көрсетілген ауруларды емдеуге бұдан әрі жұмсалатын шығыстарды Сақтандырушы өтемейді.

5. Сақтандыру жағдайларынан тыс жайттар және сақтандыруды шектеу

12. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, онда Сақтандырушы Сақтанушының және (немесе) Сақтандырылушының келесі шығыстары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде міндеттеме алмайды:

- 1) ремиссия сатысында (асқынудан тыс), оның ішінде сақтандыру арқылы қорғау әрекеті басталғанға дейін туындаған созылмалы ауруларды диагностикалау және емдеу;
- 2) диагностикалау және емдеу:
 - а) жұқпа аурулар, оның ішінде ошағында санитариялық-эпидемиологиялық іс-шараларды талап ететін аурулар, карантин қою, жедел респираторлық аурулардан басқа, байланыста болған адамдарды қадағалау;
 - б) ауыз қуысының, ЛОР-ағзалардың шырышты қабықтарының микоздарынан, өкпе микозынан, АІЖ кан-дидозынан, зәр-жыныс жүйесі микоздарынан басқа микоздар;
 - в) ішек аурулары: дисбактериоз және (немесе) целиак ауруы (1 жасқа дейінгі балаларды қоспағанда), арнайы емес ойық жаралы колит, Крон Ауруы, созылмалы энтерит;
 - г) түріне және дерт туралы жалпы түсінігіне қарамастан паразитоздар және (немесе) гельминтоздар, оның ішінде демодекоза;
 - д) эндокриндік аурулар: тиреоидиттерді қоспағанда, қалқанша без; глюкозаға төзімділіктің бұзылу синдромы, I - II типті қант диабеті және оның асқинулары, қантсыз диабет; феохромоцитома, Аддисон ауруы; гипопитарлы нанизм, созылмалы гипокортицизм;
 - е) ІІБ-ІІІ сатылы қанайналым жетіспеушілігі бар жүрек-қан тамыр жүйесінің созылмалы аурулары;
 - ж) несеп-жыныс жүйесінің аурулары: этиологиясына қарамастан жедел және созылмалы простатит (егер Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе), қуық асты безінің аденомасы, жатыр мойнының эрозиясы, оның ішінде жалған эрозия (егер Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе), лейкоплакия, бүйрек поликистозы; аналық бездердің поликистозы; созылмалы гломерулонефрит, 2-3 сатылы СБЖ-мен бірге жүретін аурулар, бүйрек амилоидозасы, нефроангиосклероз, гидронефроз, бүйрек дамуының және зәр шығару жолдарының, шығу тегі кез келген шыжың ауруларының туа біткен ауытқулары;
- з) бауыр аурулары: бауыр циррозы, жедел және созылмалы гепатиттер, стеатогепатоз;
- и) тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары: бронх демікпесі, бронхоэктатикалық ауру, ӨСОА (өкпенің созылмалы обструктивті ауруы), өкпе эмфиземасы және 2-3 сатылы тыныс алу жетіспеушілігі бар өкпенің басқа созылмалы аурулары;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 7
	Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

к) орталық жүйке жүйесінің аурулары: ми қан айналымының бұзылуынан және оның салдарларынан кейінгі жағдайлар; гепато-церебральды дистрофия (Вильсон-Коновалов ауруы), жүйке жүйесі мен бұлшықеттердің тұқым қуалайтын-дегенерациялық аурулары (Паркинсон ауруы, Гентингтон хорейасы), Пьер-Маридің тұқым қуалайтын церебральды атаксиясы, Фридрейх ауруы, жүйке жүйесінің демиелинизациялық аурулары (Альцгеймер ауруы, шашыраңқы склероз, сирингомиелия, БАС-бүйірлік амиотрофиялық склероз); балалардың церебральды сал ауруы; эпилепсия;

л) тамыр аурулары: аяқ көктамырларының варикозды кеңеюі (егер Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе), варикоцеле, тік ішек көктамырларының варикозды кеңеюі, оның ішінде жошпарлы хирургиялық емдеу; аневризмалар, Такаясу аурулары (арнайы емес аортоартериит), Бюргер аурулары (тығындалушы тромбангиит), тығындалушы эндоартериит, тамырлардың атеросклерозы, оның ішінде Лериш синдромы; Вегенер синдромы;

м) жыныстық жолмен берілетін аурулар (ЖЖБА): гонорея, мерез, шанкроид, шап гранулемасы, трихомониаз, хламидиоз, микоплазмоз, цитомегаловирустық инфекция, жыныс герпесі, уреоплазмоз, гарднереллез;

н) созылмалы тері аурулары: псориаз, нейродермит, оғаш дерматит, аллопеция, туа біткен ихтиоз, витилиго, безеу аурулары, сондай-ақ дерт туралы жалпы түсінікке қарамастан, теміреткінің кез келген түрлері (нысандары);

о) ДТДА (дәнекер тіннің диффузды аурулары); дерматомиозит, Шегрен синдромы, жүйелік склеродермия, Шарп синдромы, Рейтер ауруы, ревматизм; құздамалық артрит; жүйелі васкулиттер: Вегенер гранулематозы, түйінді периартериит; Бехтерев аурулары, ЖКЖ (жүйелі қызыл жегі);

п) қимыл аппаратының аурулары: остеопороз, созылмалы остеомиелиттер, кез келген этиологиядағы созылмалы артриттер мен артроздар, дерматомиозит, үдемелі бұлшықет дистрофиясы, невральді амиотрофиялар, миастения гравиясы, миопатия; остеохондроз асқынуларын кертартпа және жедел емдеу (қоса алғанда, бірақ шектелмей: жарық аурулары, протрузиялар, спондилolistездер, омыртқалардың ығысуы), оңалту, асқынған ауырсыну синдромдарын диагностикалау мен кертартпа емдеуді қоспағанда, атап айтқанда:

- дәрі-дәрмекпен емдеу (белгіленген лимит шегінде);

- емдік сегменттелген массаж (егер Сақтандыру бағдарламасымен көзделсе);

- физиотерапия (егер Сақтандыру бағдарламасымен көзделсе)

р) көз аурулары: астигматизм, миопия және гиперметропия, катаракта, глаукома, көз ауруларын хирургиялық (оның ішінде лазерлік) емдеу, жедел жағдайлардан басқа (жарақат, күйік, бөтен дене, көз торының қабатталуы), көз алмасының биостимуляциясы, көзілдірік таңдау;

с) гиперпластикалық үдерістер, полиптер, оның ішінде эндометрия гиперплазиясы (түріне қарамастан), эндометриоз (үдерістің оқшаулануына қарамастан), мастопатияның кез келген нысаны.

т) Сақтандырылушының ми қан айналымының созылмалы жетіспеушілігі: энцефалопатия (дисциркуляциялық, перинаталдық және т.б.), бассүйекшілік гипертензия, дистонияның кез келген түрі (вегетативті-тамырлы, нейроциркуляциялық) және олардың асқынулары бойынша жүгінген жағдайда шартпен медициналық шығыстар өтелмейді.

Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру жағдайларының санына қарамастан:

а) шұғыл көрсетілімдер болған кезде жедел медициналық көмек бригадасының шығуын;

б) невропатологтың консультациясын;

в) физиотерапевтің консультациясын;

г) белгіленген лимит шегінде дәрі-дәрмекпен емдеуді;

д) шұғыл көрсетілімдер болған кезде стационарлық емдеуді өтейді.

Сақтандырылушының осы Ереженің 12-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген ауруларын диагностикалаумен байланысты медициналық шығыстарды Сақтандырушы амбулаториялық-емханалық жағдайларда диагноз қойылған сәтке дейін ғана өтейді, атап айтқанда, басқа зертханалық-аспаптық зерттеулерді қоспағанда, қажетті мамандардың қарап тексеруі, қан мен несептің жалпы талдауы, қан құрамындағы қантты анықтау, микрореакция, қанның биохимиялық талдауы, ИФТ, ПТР және РИФ (егер Сақтандыру бағдарламасында көзделсе) қажет болған жағдайда

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 8
	Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

электрокардиограмма, УДЗ, УДДГ, рентгенологиялық зерттеу, компьютерлік томография (КТ), магниттік-резонанстық томография (МРТ, ЯМРТ), (егер Сақтандыру бағдарламасында көзделсе). Егер 12-тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген аурулардың диагнозы стационарлық емдеу кезеңінде алғаш рет белгіленсе, стационарлық емдеу кезінде диагноз қойылғанға дейін жүргізілетін жоғарыда көрсетілген зертханалық-аспаптық зерттеулерге байланысты медициналық шығыстар шартпен өтеледі. Шарттың мұндай Сақтандырылушыларға қатысты қолданылуы жалғасады. Бұл ретте мұндай ауруларды одан әрі емдеуге жұмсалатын шығыстарды Сақтандырушы өтемейді.

Келесімен байланысты медициналық шығындар шартпен өтелмейді:

- 3) өскіндерді (қатерсіз және қатерлі) диагностикалау және емдеу;
- 4) пластикалық және кертартпа (қалпына келтіру) хирургия;
- 5) Сақтандырылушының мас болуы, ескірткі және уытқұмарлығы салдарынан туындаған аурулар мен жарақаттануларды емдеу;
- 6) сақтандыру шартының қолданылуы басталғанға дейін алынған жарақаттанулар мен олардың салдарын емдеу;
- 7) өзін-өзі өлтіру әрекеттерін қоса алғанда, Сақтандырылушының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана іс-әрекеттері салдарынан туындаған аурулар мен жарақаттануларды емдеу;
- 8) радиацияның әсері, әскери іс-қимылдар, азамат соғысы, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, террористік актілер, дүлей зілзалалар туындауына себеп болған аурулар мен жарақаттануларды емдеу;
- 9) медициналық комиссия (медициналық тексеру) өту;
- 10) оқуға, мектепке дейінгі балалар мен мектеп мекемелеріне; жұмысқа немесе әскери қызметке түсу үшін;
- 11) спорттық іс-шараларға қатысу үшін;
- 12) басқа мемлекетке кіруге, көлік құралын басқаруға, қару алып жүруге рұқсат алу үшін;
- 13) егер көрсетілетін қызмет Сақтандыру бағдарламасында, спорттық іс-шараларда көзделмеген болса, әскери қызметті кейінге қалдыру немесе одан босату, спорттық (сауықтыру) ұйымдарға баруға анықтамалар алу үшін;
- 14) косметикалық және емдеу мақсаттарымен ринопластиканы қоса алғанда, сыртқы келбетінің кемшіліктерін немесе дене ауытқуларын жоюға байланысты косметологиялық емдеудің кез келген түрлері және емдеудің басқа да түрлері (оны жедел жарақаттану кезінде жүргізу қажеттілігін қоспағанда);
- 15) ананың өмірін сақтап қалу үшін ұрықты алып тастау қажет болатын жағдайларды қоспағанда, стерильдеу немесе жүктілікті тоқтату;
- 16) Сақтандырылушының өмірін сақтап қалу мақсатында күйік шалған кезде теріні транспланттаудан басқа кез келген түрдегі протездеу, транспланттау және имплантациялау;
- 17) егер қызмет Сақтандыру бағдарламасында көзделмесе, экстракорпоралдық емдеу әдістері (гемодиализ, плазмаферез, гемосорбция, қанның УФО), қанның лазерлік сәулеленуі, аутогемотерапия, ішекті суландыру және інжу ванналары;
- 18) осы әдіс Сақтандырылушының өмірін құтқару үшін қажетті болып табылатын жағдайларды қоспағанда, гипербариялық оттектену (ГБО);
- 19) диагностикалау мен емдеудің дәстүрлі емес әдістері, сондай-ақ емдеудің кейбір дәстүрлі әдістері, атап айтқанда: гомеопатия, сүлікпен емдеу, инемен емдеу, рефлексті емдеу, дәстүрлі емес сауықтыру жүйесі, энергоақпараттық сауықтыру жүйесі, қолмен емдеу, бальнеотерапия, сумен емдеу, балшықпен емдеу, озон терапиясы, механотерапия, тракциялық емдеу, жалпы массаж, дәстүрлі медицина әдістері (емшілік), емдеу-сауықтыру бассейндері;
- 20) ангиография жүргізу, сондай-ақ хирургиялық араласулар (шунттаудың, стенттеудің барлық түрлері, жүрекке кез келген хирургиялық араласулар: ИВР орнату, радиожиілік абляциясы және т.б.);

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 9
	Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

- 21) климакспен қатар жүретін патологиялық көріністерді қоса алғанда) (қоса алғанда, бірақ шектелмей: миокардиодистрофия, остеопороз және т.б.), бедеулікті диагностикалау және емдеу, потенцияның бұзылуы, климакстық синдром;
- 22) туа біткен, тұқым қуалайтын аурулар мен даму кемістіктері, балалардың церебралды сал ауруы;
- 23) урологиялық массаж жасау;
- 24) келесі стоматологиялық қызметтер: ортодонтия, эстетикалық стоматология, протездеу және оған дайындық, имплантация, профилактикалық іс-шаралар (тісті фторлакпен жабу, тістің саңылауларын герметизациялау); профилактикалық және косметикалық мақсаттарда көрсетілетін қызметтер, оның ішінде тістерді кәсіби тазалау (Air Flow аппаратында, Вектор және т.б.), кең көлемді тікелей көрсетілімдерсіз; қалпына келтіру мақсатында 1/2 аспайтын тіс қаптамалары бөлігін бұза отырып емдеу (реставрация); ортопедиялық және ортодантикалық құрылымдармен қапталған тістерді емдеу манипуляцияларын қолдану; косметикалық ақауларды және тістің кариазды емес зақымдануын емдеу (тісті ағарту, пигменттік қалдықтарды кез келген әдістермен алып тастау, тіс саңылауларын герметизациялау, сына тәрізді ақау және басқалар); жақ сүйек жүйесінің дамуы мен өсуінің аномалияларын емдеу;
- 25) егер Сақтандырылушының Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе, ИФТ, ПТР және РИФ диагностикалық әдістері;
- 26) егер Сақтандырылушының Сақтандыру бағдарламасында өзгеше көзделмесе, компьютерлік томография (КТ), магниттік-резонанстық томография (МРТ, ЯМРТ) әдістерімен диагностикалық тексерулер;
- 27) психолог пен психотерапевт, логопед қызметтері;
- 28) психикалық (оның ішінде булемия, анорексия), есірткіден туындайтын ауруларды, эпилепсияны диагностикалау және емдеу;
- 29) гендік зерттеулер және (немесе) отбасын жоспарлау жөніндегі көрсетілетін қызметтер;
- 30) соққылы-толқынды емді және қашықтан ұсатудың барлық әдістерін, операциядан кейінгі тігістерді алуды және өңдеуді қоса алғанда, кез келген жерде оқшауланған тастардың болуынан туындаған хирургиялық ауруларды жоспарлы жедел емдеуге байланысты шығыстар;
- 31) медициналық мақсаттағы дәрі-дәрмексіз құралдар (кез келген көрсетілімдер бойынша шприцтерден, жүйелерден, көктамырлық катетерлерден және шұғыл көрсетілімдер бойынша қажетті гипстен басқа) сатып алу;
- 32) жаңа есту аппараттарын, көзілдірік жиектемелері мен линзаларын немесе жанаспалы линзаларды сатып алу немесе ескілерін жөндеу; тірек-қимыл аппараты ауруларын емдеу мақсатында - кертаргпа және басқа да операциялар жүргізу үшін металл конструкцияларын, импланттарды, протездерді сатып алуға байланысты шығыстар;
- 33) салмақ пен сымбатты түзету, семіздік пен дистрофияны емдеу, мүсіннің бұзылуын емдеу (сколиоз, кифоз);
- 34) жынысты хирургиялық өзгерту;
- 35) егер жүктілік пен босану бойынша патронаж Сақтандыру бағдарламасында көзделмесе немесе шарттың қосымша келісімінде өзгеше көзделмесе, жүктілік пен босанудың асқынуларын диагностикалау, байқау, емдеу. Жүктілік және босану бойынша кез келген медициналық шығыстар жүктілік және босану бойынша қызметтер санатынан шегеріледі;
- 36) Юникап аппаратында диагностикалау және иммуноблотинг әдісін қолдану, арнайы сезімталдық төмендеуі әдісімен аллергиялық ауруларды емдеу;
- 37) егер Сақтандыру бағдарламасында өзгеше ескертілмесе, санаторий-курорттық емдеу (оның ішінде жол жүрумен, тұрумен және тамақтанумен, сондай-ақ тұру жағдайларын жақсартуға байланысты шығыстар);
- 38) егер шарттың қосымша келісімінде өзгеше ескертілмесе, бір жасқа дейінгі балаға патронаж;
- 39) медициналық тұрғыдан қажетті болып табылмайтын қызметтерді көрсетумен байланысты (белгіленген диагнозға сәйкес емдеу үшін), оның ішінде «екінші медициналық пікір» қызметін алу (12-тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген алдын ала диагноз белгіленген күннен ба-

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42 Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 10
		2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

стап үш күн ішінде бір бейінді дәрігерлерден бастапқы консультация алу немесе дәрігер тағайындамаған емдеумен байланысты қызметтер;

40) Сақтандырушы келесі дәрілік препараттарды сатып алу бойынша шығындарды өтемейді:

- контрацептивтік препараттар;
- вирусқа қарсы препараттар (ЖРВИ және ЖРЗ емдеуді қоспағанда);
- хондропротекторлар;
- полидәрумендер профилактикалық мақсатта;
- туберкулезге қарсы препараттар;
- биологиялық белсенді қоспалар;
- пробиотиктер (бактерияға қарсы ем кезеңіне тағайындауды қоспағанда);
- зеңге қарсы препараттар (бактерияға қарсы ем соңында тағайындауды қоспағанда);
- гомеопатиялық дәрі-дәрмектер;
- антидепрессанттар;
- косметикалық құралдар;
- анорексантты препараттар;
- иммунотүрлендіргіштер, иммунды депрессанттар;
- статиндер
- заңнамада көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттар, сондай-ақ осындай дәрілік заттарды қолданудан туындаған асқынуларды емдеуге байланысты медициналық шығыстар;

41) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

42) Сақтандыру арқылы қорғау сақтандыру аумағының шегінен тыс жерде, сондай-ақ осы шартта белгіленген сақтандыру сомасынан немесе Сақтандыру бағдарламасында есептен шығару санаты бойынша белгіленген лимиттен (сақтандыру бойынша жеке позицияға біріктірілген медициналық қызметтер тізбесінен) артық жұмсалған медициналық шығыстарды өтеу туралы талаптарға қолданылмайды.

43) Шарттың қолданылу кезеңінде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру өтемі Сақтандырылушының одан әрі қызмет алу не ем алуды жалғастыру қажеттілігіне қарамастан, сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі аяқталған кезге дейін жүзеге асырылады.

6. Сақтандыру сомасы. Франшиза.

13. Негізгі Сақтандырылушыға және отбасының Сақтандырылған мүшелеріне сақтандыру сомасы (жауапкершіліктің шекті лимиті) таңдап алынған Сақтандыру бағдарламасымен анықталады және көрсетілген Сақтандырылушыларға ортақ, яғни егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, негізгі Сақтандырылушыға және отбасының Сақтандырылған мүшелеріне бірыңғай болып табылады.

14. Әрбір есептен шығару санаты бойынша жауапкершілік лимиті Сақтандыру бағдарламасында белгіленеді және жеке көрсетіледі.

15. Әрбір есептен шығару санаты бойынша сақтандыру сомасы бүкіл отбасы - негізгі Сақтандырылушы және отбасының барлық Сақтандырылған мүшелері үшін ортақ болып табылады - осы сома шегінде Сақтандырушы осы есептен шығару санаты бойынша негізгі Сақтандырылушыға және Сақтандырылған отбасы мүшелеріне көрсетілген медициналық қызметтерді төлейді. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін тиісті есептен шығару санаты бойынша сақтандыру сомасы, сондай-ақ жалпы сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады.

16. Жалпы сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шартында көрсетіледі.

17. 12 айдан аз мерзімге қосымша сақтандыруға қабылданатын негізгі Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру сомалары сақтандыру шартына сәйкес көлемде белгіленеді.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42 Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 11
		2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

18. Сақтандыру сомасының мөлшері тараптардың келісімі бойынша, тараптардың бірінің бастамасы бойынша, оның ішінде медициналық мекемелерде медициналық көмек көрсету талаптары елеулі өзгерген немесе оның құны өзгерген кезде өзгертілуі мүмкін.
19. Сақтандыру шартында франшиза белгілеу көзделуі мүмкін. Франшиза сақтандыру шартында анықталған, Сақтандырушы өтеуге жатпайтын шығындардың бір бөлігін білдіреді.
20. Франшиза сақтандыру сомасының белгілі бір пайызы түрінде немесе тиянақталған мөлшерде белгіленуі мүмкін.
21. Сақтандыру шарттарына сәйкес франшиза шартты (Сақтандырушы, егер оның мөлшері франшиза мөлшерінен аспаса, залалды өтеуден босатылады, алайда, егер шығын мөлшері франшиза мөлшерінен асып кетсе, оны толық өтейді) және шартсыз (сақтандыру төлемінің мөлшері шығын мөлшері мен франшиза мөлшері арасындағы айырма ретінде айқындалады) болуы мүмкін.
22. Күту кезеңі - сақтандыру шартында белгіленген, сақтандыру шартында көзделген жекелеген аурулар және (немесе) қауіп-қатерлер сақтандыру жағдайларымен ескерілмейтін уақыт кезеңі.
23. Сақтандырушының күту кезеңі мен жауапкершілігінің тиісті лимиттері Сақтандырылушының жасына, денсаулық жағдайына және Сақтандырушының талаптарына сәйкес оның медициналық куәландырудан өтуге дайындығына байланысты оны жасасу кезінде сақтандыру шарты тараптарының келісімі бойынша белгіленуі мүмкін.
24. Егер сақтандыру шартында күту кезеңі көзделсе, онда сақтандыру шартында анықталған ауруға және (немесе) қауіп-қатерге қатысты сақтандыру (сақтандыру арқылы қорғау) мерзімі осы күту кезеңі аяқталғаннан кейін басталады.
25. Сақтандыру шартында франшизаның өзге түрлері көзделуі мүмкін.

7. Сақтандыру сыйлықақысы. Оны төлеу тәртібі.

26. Сақтандыру сыйлықақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.
27. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін Сақтандырушы сақтандыру шарттарына, сақтандыру мерзіміне және сақтандыру тәуекелінің дәрежесіне әсер ететін басқа да мән-жайларға қарай бекітілген сақтандыру тарифі негізінде анықтайды.
28. Әрбір негізгі Сақтандырылушының және отбасының әрбір Сақтандырылған мүшесінің сақтандыру сыйлықақысы таңдалған Сақтандыру бағдарламасымен анықталады.
29. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасының мөлшері Сақтандырылушылар тізіміне енгізілген барлық Сақтандырылушылар үшін сақтандыру сыйлықақыларының сомасын білдіреді.
30. Сақтандырылушылар тізіміне өзгерістер енгізілген кезде Сақтанушының қосымша төлейтін сақтандыру сыйлықақысының мөлшері осы сақтандыру Ережесінің 16-бөліміне сәйкес анықталады.
31. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері сақтандыру шартымен анықталады.
32. 12 (он екі) айдан аз мерзімге сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысы жылдық сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің пайызымен есептеледі (егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе), бұл ретте толық емес ай толық ай ретінде есептеледі.
33. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақша қаражатымен, қолма-қол ақшасыз төлеммен, пошта аударымымен немесе тараптардың келісімі бойынша өзге де тәсілмен төленуі мүмкін.

8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

34. Сақтанушының:

- 1) Сақтандырушыдан ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру талаптарын, сақтандыру шарты

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42 Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 12
		2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

- 2) сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандырылушылар Тізіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
- 3) сақтандыру шартында көзделген медициналық мекемелерде сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандырылушыға қызметтер көрсетуді талап етуге; мұндай қызметтер толық емес немесе сапасыз көрсетілген жағдайда, Сақтандырылушы бұл туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға;
- 4) сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру шарты бойынша кепілдік берілетін медициналық қызметтердің тізбесін кеңейтуге немесе сақтандыру шартына қосымша келісім жасай отырып және бұл ретте қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлей отырып, сақтандыру сомасының мөлшерін арттыруға;
- 5) сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 6) сақтандыру шартының телнұсқасын алуға;
- 7) егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Карточка алғаш рет жоғалған жағдайда - тегін, қайта жоғалған жағдайда - Сақтандырылушының есебінен 200 (екі жүз) теңге мөлшерінде қалпына келтіруге;
- 8) сақтандыру құпиясына;
- 9) алынған медициналық қызметтер бойынша шығыстар сомасы туралы ақпарат алуға;
- 10) сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқығы бар.

35. Сақтанушы:

- 1) Сақтандырушыға сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті, Сақтандырылушыға қатысты анық ақпаратты толық көлемде беруге;
- 2) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын/сақтандыру жарналарын төлеуге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайына байланысты барлық жағдайларды анықтау үшін қажетті сақтандыру жағдайына қатысы бар медициналық және басқа да құжаттарды қоса алғанда, барлық ақпаратты беруге;
- 4) Сақтандырылушыны сақтандыру Ережелері мен шартының талаптарымен таныстыруға;
- 5) сақтандыру құжаттарының сақталуына қамқорлық жасауға және медициналық қызметтерді алу мақсатында оларды басқа тұлғаларға бермеуге;
- 6) Сақтандырушыға зиянды өтеу туралы талаптар қойылған жағдайда сот және соттан тыс қорғауда жәрдем көрсетуге;
- 7) сақтандыру шартын/Карточкасын жоғалтқан жағдайда, телнұсқасын алу үшін бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
- 8) сақтандыру шарты тоқтатылған барлық жағдайларда Сақтандырушыға сақтандыру шарты тоқтатылған сәттен бастап әрекет етуі тоқтатылатын Карточканы қайтаруға;
- 9) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды болдырмау немесе азайту бойынша барлық ықтимал және орынды шараларды қолдануға;
- 10) Сақтандырушыға өзінде бар барлық сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін ақпаратты беруге;
- 11) сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті;
- 12) Ережелерде, сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

36. Сақтандырушының:

- 1) Сақтанушыдан және(немесе) Сақтандырылушыдан сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті дұрыс ақпарат беруді талап етуге;
- 2) өзгерістер енгізілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны және (немесе)

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	ПС - 42 Ауырған жағдайдан ерікті сақтандыру қағидалары	2020ж. 21 желтоқсандағы № 2 басылым	24-беттен 13
		2013ж. 21 мамырдағы № 1 басылымның орнына	

Сақтандырылушыны хабардар ете отырып, дәрігерлер мен медициналық мекемелердің тізімін өзгертуге;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру шартының талаптарын орындауына бақылауды жүзеге асыруға;

4) Егер Сақтандырылушы Сақтандырушының тізімінде көрсетілмеген дәрігерлерден және/немесе медициналық мекемелерден медициналық қызметтерді немесе сатып алынған медициналық препараттарды алу қажеттілігін және Сақтандырушының тізімінен дәрігерлерден және медициналық мекемелерден ұқсас қызметтерді алу мүмкін еместігін растайтын және негіздейтін құжаттарды ұсынбаса, сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;

5) Сақтанушы заңды тұлғаның/жеке тұлғаның өтініштерін Сақтандырылушылар тізіміне енгізер алдында оны толтыруды талап етуге. Осы өтініштің сұрақтарына берілетін жауаптарына қарай Сақтандырушы қосымша ақпарат сұратуға және(немесе) осындай Сақтандырылушы үшін сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін арттыруға және(немесе) осындай Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру шарты шеңберінде Сақтандырушы төлейтін медициналық қызметтердің тізбесін шектеуге;

6) Сақтандырылушыға медициналық қызмет көрсететін медициналық мекемеден Сақтандырылушы туралы сырқатнаманы және кез келген басқа медициналық мәліметтерді сұратуға;

7) Егер Сақтандырылушы немесе Сақтанушы сақтандыру шартына сәйкес Сақтандырушы сұратқан Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы ақпаратты жасырса немесе бұрмаласа, Сақтандырылушыға сақтандырудан бас тартуға не егер осындай фактілер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) жазбаша хабарлама жіберу арқылы анықталса, сақтандыру шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға. Бұл ретте сақтандыру шарты осындай хабарлама жіберілген күннен бастап бұзылған болып есептеледі;

8) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өздігімен анықтауға;

9) Сақтандырылушылар және(немесе) Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша өз міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

10) сақтандыру шартында көзделген жағдайларда Карточканың әрекет етуін бұғаттауға;

11) Сақтандырылушының атынан және оның тапсырмасы бойынша сот органдарында іс жүргізуді өзіне қабылдауға құқығы бар.

37. Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны Ережемен таныстыруға және оның талабы бойынша Ереженің көшірмесін ұсынуға (жіберуге);

2) медициналық мекемелердің жұмыс режимінде Сақтандырылушыға шартпен және Сақтандыру бағдарламасымен тікелей көзделген медициналық қызметтер көрсетуді ұйымдастыруға;

3) Сақтандырылушыларға уақтылы және толық қызмет көрсетуді бақылауды жүзеге асыруға;

4) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

